

Сыр – Анам, Қаратай – Панам!

Қызылорда облысы



Союз Союз Союз Союз

# Манзакорған тынысы

Союз Союз Союз

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ



Газет

1933 жылды  
қыркүйектен  
шыға бастады



## Еразак Манапұлының ғылыми еңбекі қырғыздарды несімен таңғалдырыды?

Жанақорған топырағы ақын-жазушы, ғалымдардан кенде емес. Ұлттың рухани-мәдени кемелденуіне үлес қосқан дарындыларымен мақтана алады. Сондай мақтаулы азаматтардың қатарына Еразак Манапұлын да жатқызуға болады.

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің кафедра менгерушісі Еразак Тілеубергенов саналы ғұмырын ғылымға арнаған азамат. Ғалымның ғылыми ізденісі алыс-жакын шетелдерде жоғары бағаланып жатады. Әсіресе заң ғалымы жайында жазылған ғылыми-публицистикалық еңбектері маңыздылығымен ерекшеленіп тұрады.

Жақында Қырғызстанның диссертациялық Кеңесінде жерлес ғалым «Қылмысты зерттеу және ашу бағытында қоғамдық және техникалық ғылымды теориялық және іс үстінде қолдану мәселелері» атты тақырыпта диссертация қорғады. Қырғызстанның ғалымдары ғылыми ізденісті жоғары бағалап, заң ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беруді бірауыздан қолдады.

Диссертацияның ерекшелігі сонда, ол ғылыми консультанттардың көмегінсіз қорғалуында, мұның өзі құқық корғау ғылымы саласындағы өте сирек кездесетін құбылыс.

Өзі үш бөлімнен, 10 тараудан және 21 тармақтан тұратын ғылыми еңбекті қорғауға дейін посткеңестік елдердің бірнеше жоғары мектебіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне арнайы жіберіліпті.

Ғылыми еңбекпен танысқан Мәжіліс депутаты, заң ғылымдарының докторы (з.ғ.д), профессор С.Бычкова, Конституциялық Кеңесінің тәрағасы, з.ғ.д. профессор Қ.Мәмі, Алматы қалалық сотының тәрағасы, з.ғ.д., профессор Н.Әбдіханов, Жоғарғы Сотының мүшесі, з.ғ.д., профессор М.Таймерденов, Қарағанды қаласындағы «Болашак» университетінің проректоры, з.ғ.д., профессор Б.Нұргалиев ғылыми еңбектің өзектілігіне тоқталып, заңгерлердің жұмысында таптырмайтын құрал екенін айтады.

Сондай-ақ қырғызстандық ғалымдар К.Исаев мен В.Табылдиев, өзбекстандық ғалым Т.Ганиева, ресейлік ғалым Е.Россинская, әзербайжандық А.Зурапов, беларуссиялық ғалым С.Чушкевич процессуалдық-құқықтық класификацияда және қылмыстық істерде ғылым мен техниканың барлық жетістіктерін қолдануды басшылыққа алғанын айтып, жоғары бағалайды.

Ұсынылған класификацияның маңызы сонда: біріншіден, қылмыстық істерді қарau барысында ғылыми-техникалық прогресстің барлық жетістіктерін пайдалану, екіншіден, осы жетістіктерге жетудің себеп салдарына нақты баға беру, үшіншіден, ғылыми-техникалық прогрессті болашақта жетістіктерге жету жолында белгілі бағытта қол жеткізілгендей, төртіншіден, ғылыми-техникалық прогресс пен қылмыстық істердің жүргізуде жүйеге нақтылық береді, бесіншіден, ғылыми-техникалық прогресс жетістіктері құқықтық сауалдардың дұрыс шешімін табуда және құнделікті қолданысқа енгізуде таптырмас ғылыми еңбек.

Аталған еңбекте мұнан өзге криминалистикада кездесе бермейтін: криминалистік процесстердің өрбүі, интеграцияның дамуы мен ғылыми білімнің қалыптасуы, оның қылмыспен күресудегі маңызын арттыру, арадағы қарама қайшылықтар жоюды практика жүзінде іске асыру секілді басты мәселелерге арнайы тоқталған.

Еразак Манапұлы осы диссертацияны жазу барысында АҚШ, Жапония, Қытай, Канада, Швейцария, Израил, Ресей, Нидерландыда өткен 50-ден астам халықаралық ғылыми конференцияға қатысып, баяндама жасаған. Оның 150-ден астам ғылыми еңбектері шетелдік ғылыми журналдарды жарық көрді.

Бұған дейін 8 монография, жалпыға бірдей 5 оқу құралы мен криминалистика мен сот сараптамасы туралы 2 оқулығы баспа көрді.

Осы орайда ауданымыздан шыққан Сұлтан Сартаев бастаған санаулы зангерлер қатары тағы да бір ғалыммен толықты. Мұның өзі біздер үшін мактанды десек те артық емес. Өйткені жерлесіміз Еразақ Тілеубергеновтың жазған еңбектері зангерлер қауымының кәсіби біліктілігін арттыруда және заң ғылымының дамуына айтарлықтай үлес қосады.

– Жеке бастың конституциялық мәртебесінің сипатты белгілері мен ерекшеліктерін талдау және оларды жүзеге асыру, қамтамасыз ету мен қорғау кепілдігінің құқықтық механизмін жетілдіру қазіргі таңда өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Адам құқын қамтамасыз ету – қазіргі Қазақстанның тұрақты даму стратегиясының шешуші бөлігі бола тұрғанда, судьяларымыз қара қылды қақ жаратын шындыққа екі тараптың да көзін жеткізетін болса, онда адам құқы – адам бостандығы, қауіпсіздігі кез келген өркениетті құқықтық мемлекеттің негізгі мақсаты және маңызды құралына айналары сөзсіз. Ғылыми еңбектеріндегі осы бағытта зарттеудемін, – дейді ғалым.

Адам құқы қазіргі қоғамды, мемлекет пен құқықты ұғыну үшін елеулі маңызға ие болғандықтан, ерекше назар аударуға лайықты. Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ғылыми тұрғыдан зерттеу заманауи заң ғылымының маңызды міндеті. Осындай міндетті абырайлы атқарып жүрген Еразақ Манапұлы академик Сұлтан Сартаевтың сара жолын лайықты жалғастыратыны сөзсіз.

**Ерубай ҚАЛДЫБЕК**  
27 тамыз 2019 ж.